«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ
50 жыл тұрақты даму жолында
50 лет АО «Мангистаумунайгаз». Постоянство в развитии.
«Mangistaumunaigas» JSC 50 years anniversary. Sustainable development.

# Мұнайлы өлке

Газет 2009 жылдың 01 мамырынан шығады

"Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамының газеті

№10 (62), қазан - қараша, 2014 жыл

## Ақтау қаласында 9-Маңғыстау аймақтық «Мұнай, Газ және Инфрақұрылым» көрмесі болып өтті

**Сату көлемін ұлғайтып, жаңа нарықты меңгеруге, потенциалды клиенттермен, тұтынушылармен бетпе-бет кездесіп жаңа іскерлік қарым-қатынас орнатуға, бәсекелестердің іс-әрекетін қадағалауға, ұзақ мерзімді шарт жасасуға мүмкіндік беретін көрмеде Ирландия, Италия, Қазақстан, Қытай және Ресейден 50-ден астам компания экспозицияларын ұсынды.**



Қазақстан Республикасы Энергетика Министрлігінің, Маңғыстау облысы әкімдігінің және «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ ресми қолдауымен және халықаралық ITE компаниялар тобымен бірлескен «Iteca» қазақстандық көрме компаниясы ұйымдастырған шараның салтанатты ашылуына Маңғыстау облысы әкімінің бірінші орынбасары С.Т. Алдашев, Ақтау қаласындағы Түркменияның Бас консулы М.Г. Довданов, Ақтау қаласындағы Әзірбайжан Республикасының вице консулы А. Кямран, «Iteca» компаниясының сату жөніндегі директоры Б.Даниленко мырзалар қатысты.

Алғаш болып сөз алған облыс әкімінің бірінші орынбасары С.Т.Алдашев мырза «Мұнай, Газ және Инфрақұрылым» көрмесінің Маңғыстау өңіріне деген маңыздылығын ескерді: - «Бүгінгі күні облысымызды дамытудың бес бағыты айқындалды. Олар – облыстағы мұнайгазөндіру өнеркәсібінің, мұнайсервистік кластерінің, құрылыс индустриясын дамыту және көлік-логистикалық кластері мен туристік кластерін құру болып табылады. Сонымен қатар Елбасының тапсырмасымен өңіріміздe пайдалы жерасты қазбаларын меңгеру туралы мәселе қаралуда. Бұл бағытта геологиялық барлау жұмыстарын бастау қажет, себебі Маңғыстау жері пайдалы қазбаларға бай өңір» - деп атап өтті болыс әкімінің бірінші орынбасары.

Қонақтар көрмені аралап, қатардан ойып тұрып орын алған «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ұсынған материалдармен таныстықты. Оларды «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директорының әлеуметтік және әкімшілік мәселелері жөніндегі орынбасары Төлегожаев Жетібай Қуанайұлы бастаған топ қарсы алып, Компанияның жеткен жетістіктері мен енгізген жаңа технологиялары насихатталған буклеттер және ГТЭС жұмысы баяндалған бейнероликпен таныстырды. Ұсынылған экспозиция мұнай-газ саласының дамуын көрсететін заманауи технологиялық жетістіктерге негізделген.

Сондай-ақ, көрме шеңберінде «Мұнай өңдеу және мұнай химиясы, мұнай өңдеу саласындағы инновациялар» тақырыбында дөңгелек стөл өтті. «ҚазМұнайГаз - өңдеу және маркетинг» АҚ бірлесе ұйымдастырған пікір-талас мұнай өңдеу зауыттарын түрлендіру жобалары бойынша туындайтын барлық мәселелерді қамтыды. Негізгі спикерлері «ҚазМұнайГаз – өңдеу және маркетинг» АҚ Басқарушы директоры – МӨЗ модернизациялау жобаларын басқару департаментінің директоры – Қадырберді Елевсинов және Ақтау битум зауыты «Каспий Битум» БК» ЖШС бас инженері Арман Тохбаев болды.

Дөңгелек стөлдің жалғасы ретінде 12 қарашада тілшілер үшін «Каспий Битум» БК» ЖСШ баспасөз-турын өткізді. Онда орталық зауыт зертханасына, операторлық, ЭЛОУ-АВТ және толтыру мен битумды түрлендіру блоктарына, қою, тасымалдау және сақтау цехына саяхат ұйымдастырылды. Маңғыстау облысы әкімдігі де көрме шеңберінде «Өзенмұнайгаз» АҚ бірлесе отырып Жаңаөзен қаласында шағын және орта бизнесті дамыту тақырыбында дөңгелек стөл өткізді.

Кеңейтілген іскерлік бағдарламадан басқа көрмеде геология және геофизика, мұнай сервисі салаларында заманауи әзірлемелер, энергия тиімділігін арттыру технологиялары, экологиялық бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асыру қарастырылған.

**P.S. Көрме барысында біздің стендке қызығушылық танытып, келушілер көп болғанын айта кеткен жөн. Кәсіпорын қызметі туралы толық мағлұмат түсінікті әрі қолжетімді етіп өзіндік дизайнмен жасалғандығы 9-Маңғыстау аймақтық «Мұнай, Газ және Инфрақұрылым» көрмесін ұйымдастырушыларды бей-жай қалдырмаса керек. Қортындысында "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ "Үздік ұжымдық стенд" сыйлығына лайық деп танылғанын мақтанышпен айта аламыз!**






## Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 11 қараша.

# Нұрлы жол – болашаққа бастар жол

**Құрметті қазақстандықтар!**

Бүгінде бүкіл әлем жаңа сындармен және қатерлермен бетпе-бет келіп отыр. Әлемдік экономика әлі де жаһандық қаржы-экономикалық дағдарыс салдарынан айыға қойған жоқ. Қалпына келу өте баяу және сенімсіз қадамдармен жүруде, ал кейбір жерлерде әлі құлдырау жалғасуда. Геосаяси дағдарыс пен жетекші державалардың санкциялық саясаты әлемдік экономиканы қалпына келтіруде қосымша кедергілер туындатуда.

Мен өзімнің тәжірибемнен алдын ала сезіп отырғанымдай, таяудағы жылдар жаһандық сынақтардың уақыты болады. Әлемнің бүкіл архитектурасы өзгереді. Барлық елдер осы күрделі кезеңнен лайықты өте алмайды. Бұл шептен тек мықты мемлекеттер, жұдырықтай жұмылған халықтар ғана өтетін болады. Қазақстан, әлемдік экономиканың бір бөлшегі және геосаяси қысымның эпицентріне тікелей жақын орналасқан ел ретінде, барлық осы үдерістердің теріс ықпалына тап келеді. Нәтижесінде не болып жатқанын біз көріп отырмыз: әлемдік нарықтарда баға құлдырауда және, тұтастай алғанда, экономикалық өсім баяулауда.

Халықаралық валюта қоры мен Дүниежүзілік банк тарапынан 2014 және одан кейінгі екі жылда әлемдік экономиканың дамуында болжам төмендеу жағына қарай қайта қаралғаны белгілі. Сондықтан кейбір позицияларды жедел түрде қайта қарап, сондай-ақ, алдағы кезеңдердің жоспарларына түзетулер енгізу қажет. Бізде ырғалып-жырғалуға уақыт жоқ. Бүгін айтылатын шараларды 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап жүзеге асыру керек. Біз теріс үрдістердің алдын алу үшін барлық ықтимал шараларды жедел қабылдауға тиіспіз.

Бүгін менің тапсырмам бойынша Үкімет белсенді жұмысқа кірісіп кетті. Біз 2015 жылға арналған республикалық бюджеттің параметрлерін қайта қарадық. Бұл дұрыс, өйткені, біздің экспорттық шикізат ресурстарына бағаның құлдырауы бюджеттің кіріс бөлігіне қаржы түсуін төмендетуге алып келуде. Бірақ, соған қарамастан, Үкімет алдына оңай емес, алайда, нақты міндет – барлық әлеуметтік міндеттемелерді толық көлемінде қамтамасыз ету міндеті қойылып отыр.

Дағдарыс жағдайларында, әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғанындай, экономикалық саясатты қайта бағдарлаулар жүріп жатыр. Қолдауды экономикалық өсім мен жұмыспен қамтуда аса үлкен мультипликативті тиімділік беретін салалар алуы тиіс. Мұндай тәжірибе бізде бұған дейін болған. Біздің 2007-2009 жылдардағы дағдарысқа қарсы табысты шараларымызды еске алсақ та жеткілікті. Көріп отырғандарыңыздай, өмір біздің жоспарларымызға түзетулер енгізуде. Және біз партияның тұғырнамасын бүгінгі күн шындығы тұрғысынан қарай отырып жаңа мазмұнмен толықтыруға тиіспіз.

Менің тапсырмам бойынша Үкімет дамудың жаңа ауқымды бағдарламасын жасауды аяқтады. Бүгінде, алдымызда тұрған сын-қатерлерге жауап бере отырып, мен Қазақстанның «Нұрлы Жол» Жаңа Экономикалық Саясаты туралы жариялаймын. Мен 2015 жылға арналған халыққа жаңа Жолдауымды осыған арнаймын. Ол контрциклды сипатқа ие болады және біздің экономикамыздағы құрылымдық реформаларды жалғастыруға бағытталады. Бұл нені білдіреді?

Сыртқы нарықтардағы жағдай оңтайлылығымен ерекшеленіп, мұнай мен біздің экспорттық өнімдерімізге баға айтарлықтай жоғары деңгейде болған жылдары біз шикізат экспортынан түскен табыстарды Ұлттық қорға бағыттап келдік. Ұлттық қордың негізгі міндеттерінің бірі біздің экономикамыздың сыртқы естен тандырулар алдындағы орнықтылығын, оның ішінде, табиғи ресурстарға баға төмендеген жағдайда да, жоғарылату болып табылады.

Осы жылдардың бәрінде шикізат өндіру мен одан түскен табыстарды біз осы Қорға салып келдік. 10 миллиард долларды біз 2007-2009 жылдардағы дағдарысқа қарсы күреске бағыттадық. Қалған ақшаны ішіп-жеп және жұмсап қойған жоқпыз, сақтадық және көбейттік. Қазір біз осы резервтерді пайдалануға тиіс болатын кезең туындап келеді. Бұл қаржы қиын уақыттарды еңсеріп, экономикамыздың өсімін ынталандыруға көмектесетін болады. Бұл ресурстар қысқа мерзімдік шараларға арналмаған. Олар экономиканы әрі қарай қайта құрылымдауға бағытталатын болады. Нақты айтқанда, көліктік, энергетикалық, индустриялық және әлеуметтік инфрақұрылымдарды, шағын және орта бизнесті дамытуға бағытталады.



Ақпан айында Ұлттық қордан экономикалық өсім мен жұмыспен қамтуды қолдау үшін 2014-2015 жылдарға 500 миллиард теңгеден екі транш бойынша 1 триллион теңге бөлу туралы шешім қабылданған болатын. Басталған жобаларды аяқтау және аса өткір мәселелерді шешу үшін Үкіметке Ұлттық қордан 500 миллиард теңге көлеміндегі екінші транш қаржысын мына мақсаттарға бағыттауды тапсырамын.

Бірінші. Шағын және орта бизнесті, сондай-ақ, ірі кәсіпкерлікті жеңілдікпен несиелеуге қосымша 100 миллиард теңге бөлу қажет. Бұл тамақ және химия өнеркәсібіндегі, машина жасаудағы, сондай-ақ, қызмет көрсетулер саласындағы жобаларды жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Екінші. Банк секторын сауықтыру және «жаман» несиелерді сатып алу үшін 2015 жылы Проблемалы несиелер қорын қосымша 250 миллиард теңге көлемінде капиталдандыруды қамтамасыз етуді тапсырамын.

Үшінші. Жаңа инвестициялар тарту үшін тиісті жағдайларды жақсарту қажет. Осы мақсатта 2015 жылы «құрғақ порттың» бірінші кешені құрылысын аяқтауға, «Қорғас-Шығыс қақпасы» және Атырау мен Тараздағы «Ұлттық индустриялық мұнай химиясы технопаркі» арнайы экономикалық аймақтары инфрақұрылымдарына 81 миллиард теңге бағыттауды тапсырамын.

Төртінші. Бұған дейін бөлінген 25 миллиардқа ЭКСПО-2017 кешені құрылысын жалғастыруды несиелеу үшін 2015 жылы қосымша 40 миллиард теңге бөлуді тапсырамын.

Бесінші. ЭКСПО-2017 қарсаңында бізге Астананың көліктік инфрақұрылымын дамыту туралы ойластыру қажет. Астана аэропорты осы жылдың өзінде-ақ өзінің максималды өткізу қабілеті – 3,5 миллион адамға жетеді. Сондықтан оның әлеуетін ұлғайту үшін 2015 жылы жаңа терминал құрылысы мен ұшу-қону жолағын қайта жаңғырту үшін 29 миллиард теңге бөлуді тапсырамын. Бұл өткізу қабілетін 2017 жылға қарай жылына 7,1 миллион жолаушыға дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

**Құрметті қазақстандықтар!**

Экономиканы дамытуда жаңа сыртқы тәуекелдерді есепке ала отырып, бізге іскерлік белсенділік пен жұмыспен қамтуды ынталандыру үшін жаңа бастамалар қажет. Жаңа Экономикалық Саясаттың Тұғыры мен бүгін жариялағалы отырған Инфрақұрылымдық дамудың жоспары болады. Ол 5 жылға есептелген және қатысуға 100-ден астам шетелдік компаниялар ниет білдіріп отырған ҮИИДБ-ны жүзеге асырудың Екінші бесжылдығына сәйкес келеді. Жалпы инвестициялық портфель 6 триллион теңгені құрайды, мемлекеттің үлесі – 15 пайыз.

***

Қазақстан – ұшқан құстың қанаты талатын ұлан-ғайыр аумақтың иесі. Сондықтан, аталған жоспар орасан қаражат пен еңбекті, аса ауқымды жұмысты қажет етеді. «Елдің өркенін білгің келсе, жолына қара» деген қағида қалыптасқан. Барыс-келіс пен алыс-берісте жол қатынасы айрықша маңызға ие. Көне замандарда ірі қалаларымыздың көбі Ұлы Жібек жолын жағалай қоныс тепкен.

Қазір де қайнаған тіршілік күре жолдардың бойында. Жол – шын мәнінде өмірдің өзегі, бақуатты тірліктің қайнар көзі. Барлық аймақтар теміржолмен, тасжолмен, әуе жолымен өзара тығыз байланысуы керек. Астанада тоғысқан тоғыз жолдың торабы елорданың жасампаздық рухын тарататын өмір-тамырға айналуы тиіс. Аймақтардың өзара байланысын жақсарту елдің ішкі әлеуетін арттырады. Облыстардың бір-бірімен сауда-саттығын, экономикалық байланыстарын нығайтады. Ел ішінен тың нарықтар ашады. Осылай, алысты жақын ету – бүгінгі Жолдаудың ең басты түйіні болмақ.

***

Бірінші. Көліктік-логистикалық инфрақұрылымдарды дамыту. Ол макроөңірлерді хабтар қағидаты бойынша қалыптастыру аясында жүзеге асырылатын болады. Оның үстіне, инфрақұрылымдық қаңқа Астанамен және макроөңірлерді магистаралды автомобиль, теміржол және әуе жолдарымен шұғыла қағидаты бойынша өзара байланыстырады. Бірінші кезекте, негізгі автожолдар жобасын жүзеге асыру қажет. Бұлар Батыс Қытай – Батыс Еуропа; Астана – Алматы; Астана – Өскемен; Астана – Ақтөбе – Атырау; Алматы – Өскемен; Қарағанды – Жезқазған – Қызылорда; Атырау – Астрахань.

Сондай-ақ, елдің шығысында логистикалық хаб және батысында теңіз инфрақұрылымын құруды жалғастыру қажет. Батыс бағытта Каспий порты арқылы экспорттық әлеуетті арттыруға Құрық портынан ауқымды паромдық өткелі және Боржақты – Ерсай теміржол желісі ықпал ететін болады. Үкіметке Қытайдың, Иранның, Ресей мен ЕО елдерінің «құрғақ» және теңіз порттарында терминалдық қуаттар салу немесе жалға алу мәселесін ойластыруды тапсырамын.

Екінші. Индустриялық инфрақұрылымдарды дамыту. Инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру құрылыс материалдарына, көліктік-коммуникациялық, энергетикалық және тұрғын үй-коммуналдық салалар үшін өнімдер мен қызмет көрсетулерге үлкен сұраныс тудырады.

Осыған байланысты, біріншіден, жұмыс істеп тұрған арнайы экономикалық аймақтарда инфрақұрылымдар қалыптастыру жұмыстарын аяқтау керек. Үкіметке және әкімдерге оларды нақты жобалармен толықтыру бойынша жедел шаралар алу қажет. Екіншіден, өңірлерде ШОБ өндірісін дамыту мен қосымша инвестициялар тартуға бағытталған жаңа индустриялық аймақтар салу мәселесін ойластырған жөн. Туризм үшін инфрақұрылым – жеке бағыт. Оның басты басымдығы жұмыс орындары санын көптеп құру мүмкіндігі болып табылады. Мұнда бір жұмыс орнын құру өнеркәсіпке қарағанда 10 есе арзанға түседі.

Үшінші. Энергетикалық инфрақұрылымдарды дамыту. Өткен 5 жылда энергетикада индустрияландыру бағдарламасы шеңберінде үлкен жұмыстар жүргізілді. Соған қарамастан, магистралдық желілердің шектеулілігі елдің оңтүстік өңірлерінде электр энергиясының, орталық және шығыс облыстарында табиғи газдың тапшылығын туындатып отыр. Екі жобаға назар салу керек. «Екібастұз – Семей – Өскемен» және «Семей – Ақтоғай – Талдықорған – Алматы» бағыттарында жоғары вольтты желілер салу қажет. Бұл қазақстандық электр стансаларының елдің барлық өңірлерін теңдестірілген энергиямен қамтамасыз етуіне мүмкіндік береді.

Төртінші. ТКШ мен су және жылумен қамтамасыз ету желілері инфрақұрылымдарын жаңғырту. Инвестицияларға жалпы қажеттілік қаржыландырудың барлық көздерінен 2020 жылға дейін жыл сайын ең азы 200 миллиард теңге бөлгенде кем дегенде 2 триллион теңгені құрайды.

Бүгін ТКШ-ны жаңғыртуға инвестициялар салуға Еуропа Қайта құру және даму банкі, Азия даму банкі, Ислам даму банкі, сондай-ақ, жеке инвесторлар үлкен қызығушылық танытып отыр. Ұзақ мерзімді инвестициялық тарифтер ұсыну арқылы олардың барынша тартылуын қамтамасыз ету қажет. Тарифтердің айтарлықтай ұлғаюына жол бермеу үшін ондай жобаларды мемлекет қосымша қаржыландыруы керек. Осыған байланысты жылу және сумен қамтамасыз ету жүйелерін жаңғырту қарқынын жеделдету үшін бюджетте қарастырылған қаржыға қосымша жыл сайын 100 миллиард теңге бағыттау ұтымды болмақ.

Бесінші. Тұрғын үй инфрақұрылымдарын нығайту. Агломерациялар қалыптастыру айтарлықтай тұрғындар ағынымен қатарласа жүреді. Бұл еңбек нарығы мен қалалардың инфрақұрылымына, соның ішінде, тұрғын үй қорына қысым туғызады. Сондықтан жалға берілетін тұрғын үй құрылысына көзқарасты қайта қараған жөн. Мемлекет әлеуметтік жалдамалы баспананы салып, оны тұрғындарға сатып алу құқын бере отырып, ұзақ мерзімді жалға ұсынады. Баспананы тікелей, делдалдарсыз және несиеге барынша төмен пайызбен ұсыну оның сатып алу құнын арзандатуға мүмкіндік береді. Бастапқы жарнаның болмауы мен ипотека үшін төмен пайыздар баспананы қазақстандықтардың көптеген жіктері үшін қолжетімді ете түседі. Сондықтан 2015-2016 жылдар ішінде жалға берілетін тұрғын үй құрылысын қаржыландыруды қосымша 180 миллиард теңге сомасында ұлғайтамыз.

Алтыншы. Әлеуметтік инфрақұрылымдарды дамыту. Бірінші кезекте, бұл – апатты мектептер мен үш ауысымда оқыту проблемаларын шешу. Бұл – біздің Сайлауалды тұғырнамамыздың негізгі индикаторларының бірі. Үшжылдық бюджетте қарастырылған қаржы бұл проблеманы 2017 жылға дейін шешуге мүмкіндік бермейді. Сондықтан Үкіметке қосымша 70 миллиард теңге бағыттауды тапсырамын. Балалар бақшасының жетіспеушілігі – басқа мәселе. Мектепке дейінгі мекемелерде орындар тапшылығын түбегейлі қысқарту үшін 3 жыл бойы қосымша 20 миллиард теңге бағыттауды тапсырамын. Әкімдер жеке секторды тарта отырып, бұл жұмыспен барынша айналысуы тиіс.

Индустрияландыру бағдарламалары шеңберінде базаларында ғылымның экономика салаларымен және мамандар дайындаумен байланысы қамтамасыз етілетін 10 ЖОО анықталды. Осы мақсаттарға 2017 жылға дейін 10 миллиард теңге бағыттай отырып, осы жоғары оқу орындарының материалдық-техникалық базасын қалыптастыруды тапсырамын.

Жетінші. Шағын және орта бизнес пен іскерлік белсенділікті қолдау бойынша жұмысты жалғастыру қажет. Бүгінде Ұлттық қордан ШОБ-ты қолдауға және несиелеуге бағытталған 100 миллиард теңге толықтай игерілді. Бұл 4,5 мың жұмыс орнын құруға мүмкіндік берді. Бұл қаржыға сұраныс ұсыныстан 23 миллиард теңгеге асып түсті. Бизнесті 10 жылға бар-жоғы 6 пайызбен несиелеудің бұрын-соңды болмаған шарты жасалды. Мұндай шарттар біздің елімізде бұған дейін болған емес. ШОБ-ты экономикалық өсімнің драйвері ретінде дамыту және оның үлесін 2050 жылға қарай ІЖӨ-нің 50 пайызына ұлғайту бойынша жұмысты жалғастырған жөн. Сондықтан шағын және орта бизнес үшін 2015-2017 жылдары жалпы сомасы 155 миллиард теңге несие желілерін АДБ, ЕҚДБ, Дүниежүзілік банк есебінен тиімді пайдалану қажет.

**Құрметті қазақстандықтар!**

Әлемдік экономикадағы ахуал мынадай дағдарысты жағдайларда алға қойған мақсаттарға қосымша қаржы ресурстарынсыз қол жеткізу айтарлықтай күрделі.

Кезінде Ұлттық қордың не үшін құрылғанын қаперлеріңізге салғым келеді. Оның басты міндеті – тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуды қамтамасыз ету және экономиканы сыртқы қолайсыз жағдайлардан қорғау. Дәл қазір біздің осы қорымызды қажетке жарататын кез келді. Қазақстан өзге елдердің қателіктерін қайталамай, экономикалық өсім үшін ішкі қорын барынша тиімді пайдалануы тиіс.

*(жалғасы 3 бетте)*

# Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 11 қараша.

## Нұрлы жол – болашаққа бастар жол

Мен Ұлттық қордан 2015-тен 2017 жылға дейінгі кезеңге жыл сайын қосымша 3 миллиард долларға дейін бөлу жөнінде шешім қабылдадым. Үкіметке бір апта мерзімде Ұлттық қордан қаржы бөлу үшін тиісті шешім дайындауды және 2015 жылға арналған республикалық бюджет жобасында қажетті қаржыларды ескеруді тапсырамын. Сондай-ақ, Үкімет қажетті шаралар қабылдап, осы қаржылардың тиімді әрі оңтайлы пайдаланылуын қамтамасыз етуі керек.

Мен құрған комиссия қаржының тиімді жұмсалуын қатаң қадағалап, жеке өзіме баяндап отыратын болады. Әр теңге үшін қатаң сұрау болмақ. Барлық әкімдерге айрықша жауапкершілік жүктеледі. «Нұр Отан» осы жұмысқа белсенді араласып, барлық деңгейлерде қатаң партиялық бақылау орнатуы тиіс.

Ұлттық қор инвестициялары экономиканың тиісті салаларында міндетті құрылымдық реформалар жүргізумен қоса-қабат жүруі тиіс. Ол үшін жобаларды халықаралық қаржы ұйымдарымен бірлесіп жүзеге асыруды қамтамасыз ету қажет. Мәселен, Дүниежүзілік банк, Азия даму банкі, ЕҚДБ және ИДБ қазірдің өзінде 90 басымдықты жобаға 9 миллиард доллар шамасында бөлуге дайын. Қаржыларды бөлу инвестициялық белсенділікті қолдауға, халықтың табыстары деңгейі төмендеуінің алдын алуға және жаңа жұмыс орындарын ашуды ынталандыруға бағытталған. Нәтижесінде қысқа мерзімді және орта мерзімді перспективада экономиканың тұрақты өсуі қамтамасыз етіледі.

Біздің білім беруді, денсаулық сақтауды, ауыл шаруашылығын дамыту бағдарламаларымыз жалғаса береді. Бұл туралы алдағы жылы Үкіметтің алғашқы кеңейтілген отырысында нақты әңгіме қозғайтын боламыз. «Нұрлы Жол» Жаңа Экономикалық Саясат – әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына бару жолындағы біздің ауқымды қадамымыз.

Бүгінде табысты жұмыс істеу үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған. Әкімшілік реформа жүргізілді, Үкімет пен атқарушы биліктің жаңа құрылымы жұмыс істеуде. Әр министр не істеу керек екенін біледі. Біз басқарудағы қосарланушылық пен қажет емес буындарды жойдық. Әкімдер өкілеттіліктің қажетті деңгейіне ие болды. Өңірлерде бәрі бар – бағдарламалар, ресурстар, қаржы құралдары. Әркім өз жұмыс учаскесі үшін жауап береді. Тек білекті сыбанып, іске кірісу қажет.

«Нұрлы Жол» Жаңа Экономикалық Саясат біздің экономикамыздың таяу жылдардағы өсімінің драйвері болады. Тек жол құрылысы арқылы ғана жаңадан 200 мың жұмыс орны құрылады. Ал бұл халықтың жұмыспен қамтылуын және табыстарының өсуін білдіреді. «Нұрлы Жол» цемент, металл, техника, битум, жабдықтар өндіру мен соған сәйкес қызметтер сияқты экономиканың басқа да салаларына мультипликативті әсер етеді. Жолдар – Қазақстан үшін өмір желісі. Біздің кең байтақ жерімізде жолдар бойында әркезде де өмір пайда болған және дамып отырған. Біз Астанадан барлық жақтарға автомобиль, теміржол және авиациялық магистральдар тарайтындай көлік желісін құруға тиіспіз. Жүректен тарайтын артериялар сияқты. Күннен тарайтын шұғыла сияқты.

Қазақстандықтар салатын жаңа магистральдар біздің экономикамыз бен қоғамымызды жаңартады. Олар біздің еліміздің барлық түкпірлерін орталықпен берік байланыстырады. Жүк тасымалы жеделдейді және ұлғаяды. Ел арқылы транзит көлемі артады. Біздің азаматтарымыз заманауи және сапалы автомагистральдармен жүріп, кез келген өңірге қауіпсіз және тез жететін болады. Әлеуметтік инфрақұрылым жақсарады, жаңа және заманауи мектептер мен ауруханалар жоғары сапалы қызметтер көрсетеді. Нәтижесінде ол әрбір қазақстандықтың әл-ауқаты мен өмір сапасында көрініс табады. Ал ең бастысы – осының бәрі болашақ ұрпақтың байлығы ретінде біздің жерімізде қалады.

### Құрметті қазақстандықтар!

Алда үлкен де жауапты жұмыстар тұр. Толысқандықтың жаһандық сынынан өту үшін біздің топтаса білуіміз қажет. Біз барлық қазақстандықтар арасындағы сенімді нығайтуға тиіспіз! Бір-бірімізге тағатты болуымыз керек! Бұлар – Қазақстанның болашағына кілттер. Этносаралық келісім – ол өміршеңдік оттегі. Біз дем алған кезде оны байқамаймыз, ол өздігінен болады – біз тек өмір сүреміз. Бірлігіміз бен этносаралық келісімді біздің өзіміз сақтауға тиіспіз. Оны біз үшін ешкім ешқашан сырттан келіп жасамайды. Біздің жастарымыз жаңа, тәуелсіз елде өсіп келеді. Бүгінгі буын 90-шы жылдардағы этносаралық соғыстар мен қақтығыстарды, күйреуді көрген жоқ. Сондықтан көпшілігі Қазақстандағы тұрақтылық пен қолайлы өмірді туғаннан солай болуға тиіс сияқты қабылдайды.

Тұрақтылық пен келісім дегеніміз не? Ол отбасылық әл-ауқат, қауіпсіздік, баспана. Бейбітшілік – ол әке мен ана қуанышы, ата-аналар денсаулығы және біздің балаларымыздың бақыты. Бейбітшілік – ол тұрақты жұмыс, жалақы және ертеңгі күнге деген сенім. Бейбітшілік пен тұрақтылық – күн сайынғы еңбекпен қорғап, нығайтуды қажет ететін жалпыхалықтық жетістік. Мен жастар – біздің болашағымыздың тірегі дегенді әркез айтып келемін. Мемлекет жаңа буынның алдында барлық есіктер мен жолдарды ашты! «Нұрлы Жол», міне, біздің креативті ырғақты жастарымыздың күш-жігер жұмсап, құлаш сермейтін тұсы осы!

Алдағы жылы біз Конституцияны қабылдаудың және Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылуының 20 жылдығын салтанатты түрде атап өтеміз. Осы даталарды атап өте отырып, бізге қазақстандықтарды рухани тұрғыда бұрынғыдан да гөрі күштірек, топтасқан және бұрынғыдан да бетер тағатты ету маңызды. Қазақстан, тек алға – біздің осы басты қағидатымыз тарихтың жаңа жауапкершілікті орамында жаңаша үн мен неғұрлым терең мағынаға ие болатынына менің сенімім мол. Баршаларыңызға біздің Отанымызды бұрынғыдан да зор биікке көтеретін жаңа шыңдарға қол жеткізуде табыстар тілеймін!

### Қадірлі халқым!

Біз Жалпыұлттық идеямыз – Мәңгілік Елді басты бағдар етіп, тәуелсіздігіміздің даму даңғылын Нұрлы Жолға айналдырдық. Қажырлы еңбекті қажет ететін, келешегі кемел Нұрлы Жолда бірлігімізді бекемдеп, аянбай тер төгуіміз керек. Мәңгілік Ел – елдің біріктіруші күші, ешқашан таусылмас қуат көзі. Ол «Қазақстан-2050» Стратегиясының ғана емес, XXI ғасырдағы Қазақстан мемлекетінің мызғымас идеялық тұғыры! Жаңа Қазақстандық патриотизм дегеніміздің өзі – Мәңгілік Ел! Ол – барша Қазақстан қоғамының осындай ұлы құндылығы.

Өткен тарихымызға тағзым да, бүгінгі бақытымызға мақтаныш та, гүлденген келешекке сенім де «Мәңгілік Ел» деген құдіретті ұғымға сыйып тұр. Отанды сүю – бабалардан мирас болған ұлы мұраны қадірлеу, оны көздің қарашығындай сақтау, өз үлесіңді қосып, дамыту және кейінгі ұрпаққа аманат етіп, табыстау деген сөз. Барша қазақстандықтардың жұмысының түпкі мәні – осы!

«Мәңгілік Ел» идеясының бастауы тым тереңде жатыр. Осыдан 13 ғасыр бұрын Тоныкөк абыз «Түркі жұртының мұраты – Мәңгілік Ел» деп өсиет қалдырған. Бұл біздің жалпыұлттық идеямыз мемлекеттігіміздің тамыры сияқты көне тарихтан бастау алатынын көрсетеді. Жалпыұлттық идеяны өміршең ететін – Елдің бірлігі. Ауызбіршілік қашқан, алауыздық тасқан жерде ешқашан да жалпыұлттық идеялар жүзеге асқан емес. Қазақстанның шыққан шыңы мен бағындырған биіктерінің ең басты себебі – бірлік, берекесі.

Біз тұрақтылықты бағалай білгеніміздің арқасында бүгінгі табыстарға жеттік. Ешкімді кемсітпей, ешкімнің тілі мен ділін мансұқтамай, барлық азаматтарға тең мүмкіндік беру арқылы тұрақтылықты нығайтып келеміз. Біздің кейінгі ұрпаққа аманаттар ең басты байлығымыз – Ел бірлігі болуы керек. Осынау жалпыұлттық құндылықты біз әрбір жастың бойына сіңіре білуге тиіспіз.

2015 жыл – ұлттық тарихымызды ұлықтау және бүгінгі биіктерімізді бағалау тұрғысынан мерейлі белестер жылы. Қазақ хандығының 550 жылдығын, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Конституциямыздың 20 жылдығын, Ұлы Жеңістің 70 жылдығын атап өтеміз. Осынау тарихи белестер Жаңа Қазақстандық Патриотизмді ұрпақ жадына сіңіруде айрықша рөлге ие. Біз 2015 жылды Қазақстан халқы Ассамблеясы жылы деп жарияладық. Елдің тұтастығы мен бірлігі, татулығы мен тыныштығы ең басты назарда.

Ел бірлігі – біздің барша табыстарымыздың кілті. Тұрақты дамудың қазақстандық моделі бүгінде бүкіл әлемге үлгі. Тәуелсіздігіміздің 25 жылдық мерейтойын және халықаралық ЭКСПО-2017 көрмесін табысты өткізіп, еліміздің әлеуетін әлемге паш етеміз. Ұлы жолдағы сапарымыз сәтті, болашағымыз жарқын болсын! Баршаңызға «Нұрлы Жол» Жолдауын жүзеге асыруда табыс тілеймін!

www.akorda.kz

# «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің отырысы өтті



2014 жылдың 30 қазанында Алматы қаласында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Директорлар Кеңесінің отырысы болып өтті. Мәжілісте алғаш болып «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшылары кіріспе сөз сөйлесе, Директорлар Кеңесінің төрағасы Бимағамбетов Тимур Мұстахиұлы отырысты ашып, күн тәртібін бекітті. Алғашқы сауал бойынша баяндама жасаған корпоративтік хатшы М.А.Нұрғалиев «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің 14 наурыз 2014 жылғы күндізгі отырысында жүктелген тапсырмалардың орындалысы туралы айтып өтті. Сонымен қатар, «Атыраумұнайгаз» АҚ-мен келісімшартты ұзарту барысында «Атыраумұнайгаз» АҚ Бас директоры Чэнь Цюань мырзаның баяндамасы тыңдалды. Отырыста «Степной леопард, Лтд БК» ЖШС-нің дамуы мен келешегі, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-нан техникалық дерекқор құру туралы екі жақты акционерлердің бірлескен жұмысы туралы мәселелер де сөз болды. Сондай-ақ, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ 2015 жылға арналған өндірістік бағдарламасы мен шоғырландырылған бюджетін қолдау, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ 2014 жылдың қаңтар-қыркүйек аралығындағы өндірістік және қаржылық-шаруашылық қызметінің қортындысы, 2014 және 2015 жж. 4 тоқсандағы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ішкі аудит Қызметінің жылдық аудитірлік жоспарын бекіту, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ балансында тұрған Еділ суының өндірістік су тазартқыш станция нысанын Маңғыстау облысы Әкімдігінің коммуналдық меншігіне тегін өткізу жағдайлары тыңдалып, талқыланды. Кеңес отырысында Компанияға қатысты өзге де мәселелер қаралып, тиісті шешімдер қабылданды.

# «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бастауыш партия ұйымында есеп беру-сайлау жиналысы өтті



29 қазан 2014 жылы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның мәжіліс залында «Нұр Отан» партиясы Ақтау қалалық филиалына қарасты «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бастауыш партия ұйымының есеп беру-сайлау жиналысы болып өтті. Оған «Нұр Отан» партиясы орталық аппараты ұйымдастыру-бақылау департаментінің инспекторы Жұмабек Ермұхан Нұрмұхамбетұлы, «Нұр Отан» партиясы Маңғыстау облыстық филиалы қоғамдық қабылдау бөлімінің меңгерушісі Мұхамбек Сәбенұлы Жайлыбаев, «Нұр Отан» партиясы Ақтау қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Рахымжан Сқақұлы Шалбаев мырзалар және «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның партия мүшелерінен сайланған делегаттары қатысты.

Күн тәртібіндегі басты мәселелер - «Нұр Отан» Партиясы Ақтау қалалық филиалының 2014 жылда атқарған жұмыстары мен «Маңғыстаумұнайгаз» БПҰ Төрағасын, хатшысын, Бюро мүшелерін сайлау, «Нұр Отан» партиясы Ақтау қалалық филиалының кезектен тыс XX конференциясына делегат сайлау болды.

Алғаш болып сөз алған «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Әкімшілік мәселелер және әлеуметтік даму департаментінің директоры Нұрлан Лазарұлы Илмуханбетов 2014 жылға Қоғамның атқарылған жұмыстары жөнінде баяндама жасады. Кейін «Нұр Отан» партиясы Ақтау қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Шалбаев Рахымжан Сқақұлы филиалдың 2014 жылда атқарылған жұмыстары туралы ақпарат берсе, «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ бастығының орынбасары Куванов Азат Айтбайұлы Қаламқас кенорнындағы өндірістің даму бағытындағы жұмыстармен әлеуметтік мәселелерге байланысты жұмысшы қызметкерлерге көрсетілген көмектер жөнінде айтты. Ал, «Жетібаймұнайгаз» ӨБ әлеуметтік мәселелер жөніндегі топ жетекшісі Жакупов Хамидулла мырза «Жетібаймұнайгаз» кенорнындағы партия тобының өндіріске байланысты жұмыстары жөнінде және іске қосылған әлеуметтік нысандардың жұмысшы қызметкерлердің қалыпты жұмыс жасауы үшін дайындығы туралы айтып өтті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ БПҰ төрайымы болып Қымбат Тезекбайқызы Иманқұлова, ал БПҰ хатшылығына Рысқұл Көшербайқызы Ізберген тағайындалды. Бюро мүшелері құрамына Иманқұлова Қымбат Тезекбайқызы, Иманбаев Бақыт Алтайұлы, Сәрсенбай Нұрпейіс Мизамбайұлы, Сейтмағанбетов Болат Сүлейменұлы, Жакупов Хамидолла Ерғазыұлы, Ізберген Рыскуль Кушербайқызы, Түркістанұлы Жандос қабылданды. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша «Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ БПҰ атынан «Нұр Отан» партиясы Ақтау қалалық филиалының XX партия конференциясына отыз партия мүшелері делегат ретіне сайланды.

Кездесуде сондай-ақ сөз алған «Нұр Отан» партиясы орталық аппараты ұйымдастыру-бақылау департаментінің инспекторы Е.Н.Жұмабек «Нұр Отан» партиясының 15 сьезінен кейінгі саяси доктринаға байланысты 12 бағыттағы жасалып жатқан жұмыстар жөнінде баяндап, БПҰ жиналысын ұйымдастырудағы кемшіліктер жөнінде айтты, кейін бұл жұмыстарды жолға қоюды ескертті. Жиналыс соңында үздік жұмыс жасаған қызметкерлерге жаңа үлгідегі билеттерді табыс етілді.

*Еңбек адамдары*

**Биыл елімізде 28 қыркүйекте алғаш рет Еңбек күні атап өтілді.**

**«Еңбек етсең емерсің», «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей», «Бейнет түбі – зейнет». Қазақтың мақал-мәтелдері ғажап қой. «Қазақстан – 2050» Стратегиясының негізгі тұғыры – Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамын қалыптастыру болып табылады. Адал және кәсіби еңбек Қазақстанды әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосады. Қарапайым еңбек адамдарын ынталандыру үшін «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы және «Еңбек ардагері» медалі беріледі.**

**Еңбек мерекесі қарсаңында «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясының басқармасы акционерлік қоғам бойынша «ҮЗДІК МАМАНДЫҚ ИЕЛЕРІ» конкурсын ұйымдастырған еді. «Жүзден жүйрік» шыққан өз мамандықтарының майталмандары «Үздік мұнай және газ өндіру операторы», «Үздік слесарь-жөндеуші», «Үздік электргазбен дәнекерлеуші» атақтары үшін «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ, «Жетібаймұнайгаз» ӨБ және АҚ өндірістік департаменті мұнайшылары арасында сайыс өткен. Біз бүгінгі нөмірде «Үздік слесарь-жөндеуші» атақтарын алған Таңжарықов Ісенбай Таяубайұлы (бірінші орын), Жұбанов Ұзақбай Ақбүркітұлы (екінші орын), Биғожаев Нұрлан Оңбосынұлы (үшінші орын) туралы сыр шертпекпіз.**



# ЕЛДІ ЕЛ ЕТЕТІН ЕҢБЕК

*«Әлемнің әміршісі – еңбек, тек еңбекпен ғана жеміс өнбек, тек еңбек қана бар қиындықты жеңбек».*
*Н.Назарбаев.*

## ӨЗ ІСІНІҢ ШЕБЕРІ

Ол кезде Маңғыстау өңірін барлаушылардың сандаған техникаларының іздері шарғы жіптей шырмап, тусыраған жердің ақ шаңын аспанға көтеріп жатқан «мың жолдар» мекені аталатын. «Жиырмасыншы ғасыр жүр Маңғыстауда, Мұнаралар басына шырақ тасып» жатқан кезең болатын. Жетібай мен Өзеннің мұнай мен газ фонтандары КСРО-ның бар түкпірінен адам күшін өзіне магниттей тартып жатты. 1969 жылы Таңжарықов Таяубай да отбасымен Жетібай жұмысшылар поселкесіне көшіп келіп, мұнайшыларға қызмет ететін автобазаға жүргізуші болып орналасты, сонда зейнеткерлікке шыққанша жұмыс істеді.



Жас отбасылар Таяубай мен Дариғаға Жетібай құтмекен болды. Он ұл-қыз дүниеге әкеліп, оларды үлгілі азаматтар етіп тәрбиеледі. Дариға «Батыр Ана» алтын медалін омырауына тақты. Сол он баланың үшіншісі 1966 жылы дүниеге келген Ісенбай болатын. Ол №3 орта мектепті 1983 жылы ойдағыдай тәмамдаған соң әкесі жұмыс жасайтын Жетібай автобазасына жөндеуші болып орналасты. Бір жылдан кейін Отан алдындағы борышын өтеу үшін әскер қатарына алынып, елге оралған соң әлгі автобаза бұрынғы қызметкерін жұмысқа қайта алған.

1989 жылы «Маңғышлақнефть» өндірістік бірлестігінің «Жетібайнефть» мұнайгаз өндіру басқармасына пайдаланыстағы жабдықтарды прокаттау-жөндеу цехынына слесарь-жөндеуші болып орналасады, соның алдында ғана осы мамандық бойынша арнайы курс бітірген еді. Ол кезде бұл цехта өзге ұлт өкілдері көп болатын. Ісенбай Павел Дзагоевтің бригадасына тап болды. Зейнетке шыққан соң ол Ресейге көшіп кетті, тәжірибесі мол ол кісіні Ісенбай өзінің алғашқы ұстазы санайды. Цех бастығы Есен Оржанов еді, қазір ол шетелдік үлкен мекемені басқарады. Жабдықтарды жөндеу-прокат цехының бүгінгі басшысы Жолдасбек Нығыметов жоғары білімді, іскер жігіт, алғаш жұмысқа орналасқанда осы Ісенбайдың қасында слесарь болған, Ісенбай да оған бірге жүріп, біраз нәрселерді үйреткен. Жолдасбек механик болды, кейін басшы болып өсіп кетті.

Ісенбайдың келіншегі Айнаш поселкеде жедел жәрдем бөлімшесінде медбике болып істейді, мұнайшылардың басы ауырып, балтыры сыздаса жедел түрде көмек көрсетуге дайын. Екеуі алты бала өсіріп отыр, үлкені Қожа үйленген, Гүлданасы медучилищеде оқиды, қалғандары мектепте. Ісембай жыл сайынғы мерекелерде компания тарапынан құрмет грамоталарымен сыйланудан құр қалмайды.

Шебер Ходжаев Бисенғали басқарған оның жұмыстастары слесарьлар Алтынғали Көккөзов, Сәтен Көшмағанбетов, т.б. өз істерінің шеберлері, үш мұнайгаз өндіру цехындағы коллекторлардың, станок-качалкалардың бұзылған жерлерін жөндеуде, өзге де тапсырмаларды орындауда алдарына жан салмайды. Ісенбай «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясындағы еңбек адамдарының мәртебесін өсіріп, әлеуметтік бәсекелестікті дамытуға бағытталған «Үздік мамандық иелері» конкурсында «Үздік слесарь-жөндеуші» номинациясы бойынша бірінші орынды иеленді. Ол «ЖМГ» ӨБ пайдаланыстағы жабдықтарды прокаттау-жөндеу цехынының 5-дәрежелі слесарь-жөндеушісі, өзгелер үлгі аларлық еңбек озаты.

## АСАР КЕНОРНЫНЫҢ ЖҮЛДЕГЕРІ

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ «Жетібаймұнайгаз» ӨБ-нің №3 мұнай және газ өндіру учаскесіне екі кенорны – Асар және Бұрмаша қарайды. Асар кенорны 1969 жылы ашылып, 1973 жылдың қазан айында пайдалануға берілген. Кеніштің өнімді қабаттары юра шөгінділеріне орналасқан, құмтас пен алевролиттен тұрады. 9 өнімді қабаты бар,16 кен шоғыры анықталған.



Осы Асарда біздің кейіпкеріміз Жұбанов Ұзақбай Ақбүркітұлы жөндеуші – слесарь болып жұмыс істейді, ММ» АҚ бойынша өткен «Үздік мамандық иелері» конкурсында «Үздік слесарь- жөндеуші» номинациясы бойынша екінші орынды иеленген. Демек өз ісінің шын мәніндегі шебері, оған небір қиын жұмыстарды сеніп тапсыруға әбден болады.

Ұзақбай 1987 жылы Жетібай кентінде туған, осындағы №3 орта мектептің тоғызыншы классын бітірген соң Ақтау қаласындағы кәсіптік-техникалық училищеге түседі, ол училище қазір политехникалық колледж. Оны бітірген соң экологиялық бөлімге тазалаушы болып орналасады, өндіріс аймағындағы төгілген мұнай қалдықтарын тазалап, оны арнаулы қондырғыға апарып, қыздырып қосымша мұнай алып, кенорнына үлес қосып жүрді.

2011жылы Асарға төртінші дәрежелі слесарь-жөндеуші болып орналасты. Бүгін оған аға механик Айнабек №138 ұңғының редукторын ауыстыруды тапсырған. Әрине редуктор ауыстыру оңай жұмыс емес, оған автокран келуі керек, сонымен бірге операторлар, слесарьлар Ұшқанбаев Киікбай, Аманов Ағатай, Сәбит, Бақтыбай, Базарбай да осы жұмысқа ат салысты.

Асарлықтар жеті күндік вахтамен жұмыс істейді, бұлар таңертеңгі 8.00-ден кешкі 8.00-ге дейін участке басындағы качалкалар орманының ішінде өнім беріп тұрған ұңғылардың тоқтауына жол бермей, білінген ақауларды тез жөндеп, оны іске қосады. Оларды уақытында майлап, сайлау өз алдына.

Ұзақбайдың шешесі Амалхан Жетібайдағы асхананың бірінде аспаз болып жұмыс істейді. Бұлар Серік, Әбілқайыр, Назгүл, Ғазиза, Перизат деген бес ағайынды. Ал келіншегі Әлия екеуінің Інжу атты екі жасар қызы, Әбілмансұр атты әлі бір жасқа толмаған ұлы бар. Ол «Үздік мамандық иелері» конкурсында «Үздік слесарь-жөндеуші» номинациясы бойынша екінші орынды иеленді.

## ҚАЛАМҚАС ӨРЕНДЕРІНІҢ БІРІ

«Қаламқасмұнайгаз» ӨБ №3 мұнайгаз өндіру цехының төртінші дәрежелі жөндеуші-слесары Биғожаев Нұрлан Оңбосынұлы Маңғыстау ауданы Шебір ауылында дүниеге келген. Осы ауылдағы мектептің тоғызыншы сыныбын бітірген соң оқуын Ақтау қаласындағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернатта жалғастырады. Мектепті бітірген соң 2000 жылы Ш.Есенов атындағы Ақтау университетінің мұнайгаз институтына? (факультетіне) түсіп, оны 2005 жылы тәмамдап, инженер-механик мамандығын алып шығады.

Алғашқы еңбек жолын «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ №3 мұнайгаз өндіру цехында жөндеуші-слесарь болып бастаған, содан бері осы цехта төртінші дәрежелі жөндеуші-слесарь. Цех бастығы Нұрғиса Кемелбаев пен бригадир Сұлтанғали Мұратбаев берген тапсырмаларды мұқият орындайды. Өндіріске алғаш келгендегі ұстаздары Нұржанов Нысанбайдан, Қалиев Айбектен, Құлманов Есенбектен мұайгаз қондырғыларының әртүрлі жабдықтарын жөндеудің қыр-сырларын үйрене білді. Цехта 400 качалкамен, 150 бұрандалы сораппен



жұмыс істейтін 550 ұңғы бар. Осылардың бұзылмай дұрыс жұмыс істеуі жөндеушілердің үш бригадасының мойнында. Цех ұжымы тәулігіне 20 мың текше метр сұйықтық өндіреді.

Нұрланның әкесі өрт сөндіретін мекемеде жұмыс істесе, шешесі Нұрбибі бастауыш класстарға сабақ беретін мұғалім. Зайыбы Мейрамгүл де мұғалім, екеуінің Қазына, Карина есімді өсіп келе жатқан сәбилері бар.

Ол «Үздік мамандық иелері» конкурсында «Үздік слесарь- жөндеуші» номинациясы бойынша үшінші орынды иеленді.



**Айтуар Өтегенов,**
**Қазақстан Журналистер одағының мүшесі**

# Ақтаудың ақиық азаматы



Сонау ежелгі Түркі елінің қара шаңырағы – қасиетті қазақ жеріндегі өркендеу үрдістерін түлеген түбегімізден де байқау қиын емес. Еліміздің ұланғайыр байлығын арттырып, табыстың тайқазанын тасытып отырған жерұйық Маңғыстау өлкесі жаһандық жаңару үрдісін басынан өткеріп, экономикалық шарықтау шежіресі көнекөз жылнама тарихтың парақтарына алтын әріптермен жазылуда. Туған еліміздің қарыштап даму бағыттарына айшықты үлесін қосып отырған түлеген түбегіміз соңғы жылдары серпінді самғау жолына түсіп, жеті жұрт келіп, жеті жұрт кеткен Маңғыстау топырағын гүлдендірудің аршынды қадамдарын жасауда. Осынау ұлы көштің бел ортасында сонау сексенінші жылдардағы өтпелі кезеңнің үскірік аязы бет қаритын өкпек желіне мойымай, қатепті қара нардай Маңғыстау өңірінде, оның да қойнауы құт аймақтары – Қаламқас пен Қаражанбас кенорындарында құрылыс жұмыстарын алға сүйреген Ибрагим Жақсымбетов сияқты атпал азаматтар бар.

Маңғыстау өңірінде өндірістік құрылыстардың тасын өрге домалатқан Ибрагим ағамыздың еңбек жолы өсу, өркендеу және кемелдену жылдары болды десек те болғандай. Жетібай кентіндегі онжылдық мектепті тәмамдағаннан кейін арман арқалап, жоғары оқу орнына аттанды. Жас кезінен құрылыс маманы болуды мақсат тұтқан балаң жігіт мемлекеттік емтихандарды жан қинамай тапсырып, институтқа қамшы салдырмай түсті. Білім нәрімен сусындатқан институт қабырғасындағы бес жыл да бір күнгідей болмай өте шықты. Құрылыс инженері мамандығын алып шыққан жас маман балалық бал дәурені өткен туған жері Ералыға оралды. Баласының жоғары оқу орнын бітіріп, табақтай диплом алып оралғанына қуанған әке-шешесі ат шаптырып, той жасамағанымен, қатар құрдас-құрбыларына кішігірім кеш өткізіп берді.

Албырт жас жігіт келген бойда қайнаған құрылыс жұмыстарына қызу араласып кетті. Маманмын деп кеуде ұрып, қызмет таңдап жатпай, «Мангышлаксельстрой» ауыл шаруашылығы трестінің №1201 жылжымалы механикаландырылған колоннасына құрылыс мастері болып жұмысқа кірісті. Іскерлік қабілетімен алғашқы кезден-ақ көзге түскен жас жігіт әріптестерінің арасында үлкен абыройға бөленіп, құрылыс басшыларының ізгі ілтипатына ие болды. Оның құрылыс салудағы тынымсыз еңбегі елеусіз қалған жоқ, айналасы бір-екі жылдың ішінде еңбек десе, жанып түсетін жас жігіт құрылыс мастерінен жоғарылап, құрылыс колоннасының прорабы, участке бастығы және өндірістік-техникалық бөлімінің бастығы сияқты өндірістік өсу сатыларынан өтті. Бұдан кейін ірі өндірістік құрылыстарда еңбек ету үшін Ақтау қаласына қоныс аударып, «Комсомольскнефть» мұнай-газ өндіру басқармасына құрылыс инженері болып жұмысқа орналасты. Мұнда да жас жігіт өзін жақсы қырынан таныта білді. Өндірісте жұмыс жасай жүріп, күрделі құрылыс бөлімінің бастығы, басқарма бастығының күрделі құрылыс жөніндегі орынбасары дәрежесіне дейін өсті. Бұл кезеңде таудай талап арқалаған Ибрагимнің мұнай кәсіпшілігінің нысандарын аяққа тұрғызу мен қалыптастыруға сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Оның арқасында Қаламқас кенорнының көптеген өндірістік объектілері пайдаланылуға беріліп, күні бүгінге дейін ел игілігіне жұмыс істеуде. Елі мен жері үшін аянбай еңбек еткен абзал азаматтың Отан байлығын молайту жолында іске қосқан мұнай нысандарының санын қазір санап шығудың өзі оңай шаруа емес.

1987 жылы Ләззат Қиыновтың ұйымдастыруымен тәжірибелік-эксперименталдық «Каражанбастермнефть» мұнай-газ өндіру басқармасы ашылып, оның жанынан Қаражанбас технологиялық транспорт басқармасы мамандандырылған жылжымалы механикаландырылған колоннасы құрылды. Өндірістің ыстық-суығына ысылған Ибекең осы құрылыс мекемесіне бастық болып тағайындалды. Ол Қаражанбас басында құрылыс жұмыстарын жолға қойып, құрылыс мекемесінің аяғынан тұрып кетуіне ұйтқы болды. Кәсіпшілік алаңында құрылыс нысандарын дер кезінде іске қосып, қаражанбастықтардың мұнай селін ағызып, еліміздің ырысын ұлғайтуына қолынан келген қолғабыс-көмегін жасады. 1989 жылы «Маңғышлақмұнайгазқұрылыс» тресті басшыларының шақыруы бойынша еңбек ұжымының бір ауыздан сайлауы арқылы №4 құрылыс басқармасына бастық болып ауысты. Қолынан іс келетін, ұйымдастырушылық қабілеті мол шаруақор басшы бір жылдан кейін осы құрылыс тресті басқармасы бастығының орынбасары болып бекітілді.

Қазақстан өз алдына тәуелсіздік алып, нарықтық экономикаға бет бұрып, бұрын Мәскеуге бағынышты трестке арнаулы қор бойынша келетін құрылыс материалдарының тапшылығы айқын сезіліп, құрылыстарды салу жұмыстары тоқтап,



құрылыс мекемелері дағдарысқа ұшыраған замандарда Ибекең шағын кәсіпкерлікті қолға алып, «Өркен» шағын кәсіпорнын ашты. Жеке кәсіпкерліктің бастамасына ұйтқы болған да, демеуші болған да қазіргі «Мұнайгазқұрылыс» акционерлік қоғамының президенті Меңдіхан Ақмалиев пен марқұм Жаңбырбай Лұқпанов ағалары еді. «Балаға ат қойғанда, бала емес, күшікке ат қойғанда да қазақ жақсы болсын деп ырымдап қояды. Бұл да бір сенің балаң секілді. Алла бұйыртса, мынадай үлкен қызмет орнын тастап, сен жеке кәсіпкерлікке кетіп жатырсың ғой. Сен енді басыңды саудаға салғанмен бірдейсің. Сен одан жақсы үміт күтесің. Сенің «Қазір жаспын, бойымда күш-қуатым бар. Мен неге қызметке қарап, қол қусырып, отырып қаламын» деген қағидаң дұрыс. Бастаған жұмысың өркенді де өрісті болсын. Сондықтан мұны болашаққа мегзеп, «Өркен» деп қоялық» деген еді марқұм Жаңбырбай Лұқпанов ағамыз» еске алады Ибекең бүгінде. Сөйтіп қылшылдаған отыз бес жасқа келген шағында, Ибрагим заман ағымына қарай бет бұрып, бұрынғыдай жоспарлы мемлекеттік тұрғыдан басқару болмайтындығын түсініп, болашақта әрбір отбасы өзін-өзі асырауға тиістілігін ұғынып, кәсіпкерлік іске білек сыбанып кірісіп кетті. Алғашқы кезде Ибрагим өндірістік цехты жалға алып, құрылысқа қажетті бетон, темірбетон бұйымдарын жасап шығаруды қолға алды. «Талап тас жарады» деген халық даналығы рас сөз, таудай талаппен іске кіріскен соң «Өркеннің» тұңғыш қадамдары табысты болды. Шағын кәсіпорында белгілі дәрежеде қаражат жиналып, табыс айналды. Қалтаға қаржы түскен соң жауапкершілігі шектеулі серіктестік арнаулы техникалар сатып алып, Қаражанбас кенорнының басында құрылыстар салу жұмыстарымен айналысты. Еңбек ұжымы өндірістік цехта жасалған өз темірбетон бұйымдарымен монтаждау жұмыстарын іске асыратындай дәрежеге жетті. «Өркен» шағын мекемесі аяғына толық тұрып, өндірістік кәсіпорынға айналды.

Осылай қым-қуыт шаруамен жүрген шағында «Маңғышлақмұнайгазқұрылыс» тресті басқармасының бастығы Меңдіхан Ақмалиев шақырып алып, «Ибрагим, мына шаруаны сен оңалтып бастадың ғой. Сен енді маған көмектес. Мына механикаландырылған құрылыс басқармасын аяққа тұрғызып бер» деп, қолқа салды. Ибекең көңілін қимас ағасының сөзін жерге тастай алмай, 1994 жылы аталмыш құрылыс басқармасына бастық болып қайтып барды. Тоқырау жылдарында тұйыққа тіреліп, әл-дәрмені құрып бара жатқан өндіріс ошағын қатарға қосып, табысты шықты. Кейіннен «Маңғышлақмұнайгазқұрылыс» тресті «Мұнайгазқұрылыс» акционерлік қоғамы болып құрылып, механикаландырылған құрылыс басқармасы оның өндірістік бөлімшесі ретінде жекешелендірілді, өндірісті жолға қойған атпал азамат оның акционерлерінің бірі болды.

Бұдан кейін бір топ жолдас жігіттерінің бастамасымен құрылған «Мұнайкапитал» акционерлік қоғамының құрылтайшыларының бірі ретінде 1996 жылы акцияларының 61 пайыздық бақылау пакетін осы қоғам сатып алған соң Каспий аймақтық құрылыс басқармасының президенті болып жұмыс істеді. Мұнда жасай жүріп, жеке кәсіпкерлік шаруашылығын қоса атқарды. Шағын кәсіпорынның жұмысын жолға қоюмен қатар үкіметке салықтарын да уақтылы төлеп отырды.

Каспий аймақтық құрылыс басқармасында жұмыс істеп жүрген кезінде облысымыз ғана емес, еліміздегі дағдарысқа ұшыраған кәсіпорындардың арасынан құрылыс жұмыстарына тапсырыс беретін ұйымдарды табу оңайға түскен жоқ. Тонның ішкі бауындай болып кеткен жолдас-жоралары арқылы «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы сияқты мұнай мекемелерінен нан таппаса, басқа кәсіпорындарда құлдырау заманы болды. Қаражат тек мұнайшыларда ғана болды. Алайда мұнайшылардағы жұмыс та ұзаққа барған жоқ. Ақырында «Мангышлакнефть» өндірістік бірлестігі «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы болып құрылып, құрылыс кәсіпорнының табыс көзі шектелді. Каспий аймақтық құрылыс басқармасы барлық жұмыс көлемінен айырылды. Сондықтан облыс аймағындағы көптеген кәсіпорындардан 800 миллионнан 600 миллион теңгеге дейін алажағы бар Каспий аймақтық құрылыс басқармасын ыдыратуға тура келді. Қалай болғанда да басқарманың сұлбасын сақтап қалу үшін ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді. Осының арқасында Каспий аймақтық құрылыс басқармасының өндірістік кәсіпорындар басқармасы, электр қуатымен жабдықтау басқармасы, автобазасы секілді құрылыс мекемелері аты жойылғанымен, заты жойылмай, сақталып қалды.

Құрылыс басқармасы ыдырағаннан кейін Ибрагимге жеке шаруашылығымен айналысуға тура келді. Жеке кәсіпкерлігі құрылыстың айналасында дамып, өркендеген соң азын-аулақ түскен табысын тиімді пайдаланды. Тырнақтап жинаған дүниесін ішіп-жеп, далаға шашқан жоқ, оның бәрін кәсіпкерлік ісін өрістетуге жұмсады.

Қазіргі «Шағала» сауықтыру орталығы бұрыннан Каспий аймақтық құрылыс басқармасының балансында болды, кезінде үкімет әлеуметтік нысандардың бәрін жекешелендірмей, өз қарамағында ұстады. Ибрагим «Шағаланы» 1997 жылы үкіметке қалай тапсырса, 2002 жылы солай Астана қаласындағы жабық республикалық тендерден жеңіп алған кезде, оған жиырма жылдан бері бірде-бір жөндеу жұмыстары жүргізілмепті.

Ибекең «Шағаланы» қолға алғаннан кейін күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізіп, екі жыл қатарынан халыққа қызмет көрсету мүмкіншілігіне ие болды. Жобалық мүмкіншілігі 200 керуеттік сауықтыру орталығының күрделі жөндеу жұмыстары үшін банкіден 1,5 миллион АҚШ доллары мөлшерінде несие алынып, орталықтың ғимаратымен қатар жағажай да жөндеуден өткізілді. Бүгінгі күні ғимараттың үш қабаты – балаларды сауықтыру орталығы, арнайы медициналық қызмет көрсететін мекеменің аты «Шипагер» деп аталады. Ғимарат жанындағы мейрамхана да жөндеуден өткізіліп, «Бәйтерек және К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне берілді. Сонымен бірге сауықтыру орталығында жылына «Өзенмұнайгаз», «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамдарының мұнайшылары мен басқа да мекемелердің қызметкерлері, жалпы 200-ге тарта адам сауықтыру-емделуден өтеді.

Бұдан басқа да қат-қабат шаруалар аз емес. Ибекең басқаратын оншақты мекеменің жұмысы тіпті мігір тигізбейді. «Шағала» сауықтыру орталығын күрделі жөндеуден өткізу үшін алынған қаражат банкіге толықтай жабылды. Бұл – жалғыз «Шағаланың» табысы емес, ол – Ибекең қолға алған оншақты кәсіпорынның бір жеңнен қол шығарып, бір жағадан бас шығарып, ұйымдасып, ынтымақтаса жасаған жұмысының жемісі.

Үнемі тыным таппайтын іскер азамат бұдан өзге шаруаларды да қолға алуда. Ол Орал облысында 500 аққарабас сиыр өсіріп, Ақтау қаласында оның өнімдерін шығарып, жергілікті халықты ет өнімдерімен қамтамасыз ету жұмыстарын ұйымдастыруда. Сонымен бірге Грузияда бау-бақша өнімдерін өсіріп, Маңғыстау жұртын көкөніс түрлерімен жабдықтамақ болып отыр.

Ибекең кәсіпкер ретінде де он бір отбасыны қамқорлыққа алып, қайырымдылық көмегін көрсетіп отыр. Сонымен бірге ол ардагерлер мен мүгедектерге, спортшыларға тұрақты жәрдем жасайды.

Маңғыстау өңірінде кәсіпкерлік істі өркендеткен Ибрагим Жақсымбетов ағамыз қоғамдық жұмыстардан да тыс қалған жоқ. Ол бірнеше рет Ақтау қалалық мәслихатының депутаты болып сайланды, депутат бола жүріп, халық аманаттарын орындап, елдің алғысына бөленді. Сонымен қатар Қазақстан кәсіпкерлері мен жұмыс берушілерінің «Атамекен» жалпы ұлттық одағы Маңғыстау облыстық филиалы кеңесінің мүшесі ретінде алқалы жиындарға белсене қатысып, салиқалы ұсыныс-пікірлерін ортаға салды. Кәсіпкерлердің көкейінде жүрген ойларын айтып, жақсы істерге ұйтқы болды.

«Еліңе қызмет ету – арман-мұратыңа жету» дейді кәсіпкерлік туын желбіреткен ағамыз. Шынында халыққа қызмет етуден артық бақыт бар ма өзі!? Сондықтан да біз ел қуатын нығайту үшін жарғақ құлағы жастыққа тимей, кәсіпкерлік істе көшбасшы болып жүрген ағамыздың алар асулары мен бағындырар биіктері жоғары болатындығына кәміл сенеміз.

**Әбдіғалым СӘРКЕНОВ**



1999 ж.



2001 ж.

Спорт

# Азияның күмісін көндірген

**Өткен сәрсенбі күні «Маңғыстаумұнайгаз» Акционерлік Қоғамының мәжіліс залында Оңтүстік Кореядағы Азия ойындарының күміс жүлдегері, халықаралық дәрежедегі спорт шебері Есболат Нұржымбаевты марапаттау рәсімі болып өтті.**

**«Маңғыстаумұнайгаз» Акционерлік Қоғамы Бас директорының бірінші орынбасары, облыс бойынша еркін күрес және грек-рим күресі федерациясының президенті Б.Иманбаев еркін күрестен Қазақстан құрама командасының құрамында Инчхон қаласындағы Азия ойындарында әлемнің азуын айға білеген мықтыларымен сайысқа түсіп, өз елдерінде топ жарған спортшылардың жауырындарын жер қаптырып, күміс медальді қанжығасына өңгеріп қайтқан түлеген түбегіміздің жас палуанын «Маңғыстаумұнайгаз» Акционерлік Қоғамының атынан халықаралық жарыстағы жеңісімен құттықтады.**



- Еркін күрес федерациясының құрылғанына көп уақыт болған жоқ. Оның шаңырақ көтергеніне үш айдың жүзі болды, - деді Бақыт Алтайұлы.- Алайда осы үш айдың ішінде Маңғыстау федерациясы үлкен табысқа қол жеткізді. Жерлесіміз, Ақтау спорт мектебінің түлегі Есболат Нұржымбаев



еркін күрестен Азия ойындарының күміс жүлдегері атанды. Біз осындай жоғары биікке қол жеткізген еркін күрес федерациясы мен Азия ойындарының күміс жүлдегері Есболат Нұржымбаевты шын жүректен құттықтаймыз.

Еліміз бойынша еркін күрес, грек-рим күресі және әйелдер күресі федерациясын біздің «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы» Акционерлік Қоғамының басшысы Сауат Мыңбаевтың өзі басқарып, оның деңгейін жоғары биікке көтеруге үлкен талап қойып отыр. Сондықтан да бұл мәселемен одан әрі айналысамыз. Облыс деңгейіне келетін болсақ, еркін күрес Маңғыстау аймағында әлсіздеу дамып келе жатқандықтан аудандарға мен ауылдарға қаржы бөлініп, спорт залдар салынып, бапкерлер апарылып, спорт секцияларының жұмысын жандандыруға айрықша көңіл бөлінуде. Қазірдің өзінде облыс деңгейінде соңғы үш айдың ішінде 120-дай бала еркін күреспен айналысуда. Сондықтан да кешегі Қазақстан кубогінде осы спорт түрінен біздің облысымыз спортшыларының 16-орыннан 11-12-орындарға көтерілуі осы соңғы үш айдың еңбегінің жемісі деп есептеймін. Алдағы уақытта да облысымызда күрес түрлерін дамытып, Әлем және Олимпиада жеңімпаздарын дайындау үшін жұмыстана береміз.

Бұдан кейін Бақыт Иманбаев салтанаты жағдайда Азия ойындарының күміс жүлдегері Есболат Нұржымбаевқа 7 мың АҚШ долларының сертификатын, оның бапкері Қанат Озғанбаевқа 2,5 мың АҚШ долларының сертификатын табыс етті. Азия ойындарының күміс жүлдегері мен оның жаттықтырушысы спорт саласындағы еңбектерін бағалағаны үшін «Маңғыстау облысы бойынша грек-рим, еркін және әйелдер күресі Федерациясы» Қоғамдық Бірлестігі басшылығының атына алғыстарын білдірді.

Еске сала кететін болсақ, Ақтау спорт мектебінің түлегі Есболат Нұржымбаев үстіміздегі жылғы Оңтүстік Кореядағы Азия ойындарында 86 келі салмақ дәрежесінде үш рет қарсыластарын ойсырата жеңді. Алайда алтын медаль үшін белдесуде оның алдындағы күресте белінен жарақат алған жерлесіміз бар күші-айласы мен техникасын пайдалана алмай, ирандық палуанға есе жіберіп алды.

Финалға дейінгі сайыста Есболат Нұржымбаев 5:0 есебімен тәжірибелі өзбек палуаны, 2008 жылғы әлем чемпионатының күміс жүлдегері және 2013 жылғы Азия чемпионы Умидон Исмаиловтан айқын басым түсті. Бұдан кейін 20 жастағы біздің палуанымыз пакистандық Мұхаммад Иманды 10:1 есебімен ұтты.

Есболат финалға шығарда тәжік спортшысы Баходур Кадировпен күресіп, оны 10:0 есебімен таза жеңді. Финалда ақтаулық палуан тәжірибесі көп ирандық Мейсам Мустафажукарға жарақатына байланысты есе жіберіп алды. Оның нәтижесінде Оңтүстік Кореядағы XVII Азиялық ойындардың күміс жүлдегері атанды.

Олимпиадалық резевті даярлау орталығының директоры, Маңғыстау облыстық еркін күрес федерациясының аға жаттықтырушысы Қанат Озғанбаев бұл сайысты жылдың таңдаулы үздік көрсеткіші деп атады, 20 жасар спортшы осы күресте Азиядағы ойындарға кездейсоқ таңдалмағанын көрсетті. Мамандардың пікіріне қарағанда, ол тамаша ойын үлгісін көрсетті және Отанына күміс медальмен оралды. Бұл жерде оған жаттықтырушылары Қанат Озғанбаев пен Руслан Өміралиевтің де сіңірген еңбегі аз болмағанын айта кету қажет. Осы арада олардың шәкірті Есболат Нұржымбаевтың үстіміздегі жылдың жазында Павлодар қаласында Қазақстан чемпионатында алтын медальді жеңіп алғанын айта кеткеннің артықтығы жоқ. Халықаралық жарыстарда еліміздің намысын қорғап жүрген жас палуанның алар асулары мен бағындырар биіктер бұдан да жоғары болмақ. Ол әлемдік және олимпиадалық сайыстарда да кең байтақ Қазақстанымыздың абыройын асқақтата бермек.

# Арман қуған жастар...



Үстіміздегі жылдың қазан айының 12-22 жұлдызы аралығында, елордамыз Астанада, еліміздің әр өңірінен іріктелген 32 жас бас қосты. Бас қосудың мақсаты «Нұр Отан» партиясы «Жас Отан» жастар қанатының бастамасымен, сондай ақ Білім Министрлігінің және Президент Әкімшілігінің қолдауымен ұйымдастырылған «Жастар Кадрлік Резерві» жобасының екінші білім беру модуліне қатысу болатын.

II оқу модулі Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында және «Нұр Отан» партиясының Саяси менеджмент мектебінде өтті. Оқу барысында жобаға қатысушылар «Әлеуметтік-саяси саладағы жобаларды басқару негіздері», «Қазіргі заманғы жетекшінің әдебі және имиджі», «Бақсарушының табысқа жету формуласы», «Заманауи менеджменттің сырлары» және т.б. өзекті тақырыптар бойынша аталған оқу орындардың Джунусова Р., Болеев Т., Есимова Ш., Шаханов Е. секілді беделді тәлімгерлерінен дәріс алып, өз біліктіліктерін шыңдады. Бұдан бөлек, жоба қатысушылары еліміздің белгілі тұлғаларының, ең мықты топ-менеджерлері мен мемлекеттік қызметкерлерінің шеберлік сыныптарына қатыстып тәжірибе, ой-пікір алмасты. Олардың қатарында ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары «Нұр Отан» партиясы фракциясының мүшесі Пепенин Анатолий және Бегентаев Мейрам, блогер Әлішер Елікбаев, PR саласының мамандары Прашкеевич



Жанна және Галия Хамитова, Ұлттық кәсіпкерлер палатасы басқарма төрағасының орынбасары Ошақбаев Рахым, Қоғамдық саясат институтының директоры Нұрбек Саясат және тағы басқалары болды.

Сонымен қатар, оқу барысында жастар өзара ұйымдасып, қоғамдағы кейбір проблемаларға оң әсерін тигізетін «Қоғамдық кеңес орталығы», «Мен Қазақстанды сүйемін», «Ішкі туризм» секілді, ел ынтымағы мен бірлігін, білім деңгейін арттыруға бағытталған жобаларды ойлап тапты. Жуырда солардың бір қатары біздің өңірде де жүзеге асырылатын болады.

Жалпы оқу модулі сәтті өтті деуге саяды, ұйымдастыру деңгейі де өте жоғары болғанын атап өткім келеді. Алған білімім мен игерген дағдыларым болашақта өз жемісін беріп, кәсіпорныма, қоғамға еңбегімді сіңіретініме сенемін. Осы орайда, маған осындай зор мүмкіндік тудырған ММГ басқармасына, өз бөлімімнің басшылығына, әріптестеріме үлкен алғысымды білдіремін!

Осымен «ЖКР-2014» жобасының іріктеу, білім беру модульдері өз мәресіне жетті. Дархан еліміздің түкпір-түкпірінен арман қуып келген жастар мақсаттарын айқындап, қанаттары қатайып, керемет әсермен қайта тарқасты.

# ҚАЛАМҚАС ГАЗЫ

«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасындағы **Газ өндіру, дайындау және тасымалдау цехы** атына сай газ өндірумен, сондай-ақ, оны дайындап, тасымалдау жұмыстарымен айналысады. Цехта таза табиғи газ өндіретін жұмыс істеп тұрған 18 ұңғы бар. Сонымен бірге мұнай өндіретін цехтардан мұнаймен бірге шыққан ілеспе газдар да әкелініп, өңделеді.



Табиғи газды сығымдау қондырғысының операторлары А.Медиев, Ж.Сариев, ауысым инженері Б.Ахметов

Қаламқас кенорнынан өндірілген газды «Қаражамбасмұнай», «Жалғызтөбе», «Қазтрансойл» компаниялары сатып алып пайдаланып отыр. «Қаламқасмұнайгаз» да өз қажетіне жаратады. Сонымен бірге Қаламқас кенорнынан салынып жатқан ГТЭС – те (газбен жұмыс істейтін электр қуатын өндіретін станция) осы газбен ғана жұмыс істеуге негізделген.

Бұрын мұнай өндіріп, қазір жұмыс істемей тұрған 30 ұңғының мұнай қабаттары цементтеліп, газ қабаттары ашылады. Оларға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Биыл сондай төрт ұңғы ауыстырылмақ.

Цехтың газ сығымдау станциясы 2011 жылы пайдалануға берілген. Бұрын мұнай ұңғыларынан мұнаймен бірге шығатын леспе газдар әр жерде факелмен жанып тұратын. Экологиялық жағдайды жақсарту және ілеспе газды да пайдалану мақсатында жүзеге асқан бұл станция өз жемісін беруде. Яғни, ілеспе газ жинақталып, бір атмосфералық қысыммен осы станцияға әкелінеді. Газ сепаратор арқылы тазаланып, сығымдау станциясынан өтіп, қысымы 12 атмосфераға дейін көтеріліп, Қаражанбасқа айдалады, олар отын ретінде пайдаланады.

Біз барғанда табиғи газды дайындау қондырғысының операторлары Жаңбырбай Сариев пен Алшынбай Медиев, газ сығымдау станциясының машинистері Рзағали Нұрбаев пен Болат Жиенбаев, ауысым инженері Бекболат Ахметов пен цех бастығының орынбасары Фазыл Баймағанбетов жұмыс орындарында екен. Жаңбырбай осында 1983 жылдан, яғни, бұл цех Өзендегі «Маңғыстау газ» өндіру басқармасына (МГДУ) қарайтын кезден жұмыс істейді екен. Цех 2005 жылы ғана ММГ-нің қарамағына алынған. Форт-Шевченкода дүниеге келіп, еңбек жолын Баутинде ағаш шебері болып бастаған. Әскер қатарында болып, Отан алдындағы борышын өтеп келген соң Қаламқасқа келіп осы цехқа жұмысқа орналасқан екен. Ал Алшынбек болса 1995 жылы №4 мұнай өндіру цехына оператор болып орналасыпты да, 2007 жылы осында оператор болып ауысыпты.

Газ цехының бастығы Қадес Нәдіров, бастықтың орынбасары Фазыл Баймағанбетов, механиктер Қолғанат Қамаев, Мәлік Ахметов, ауысым инженерлері Бекболат Ахметов, Мақсат Сарманов, ГКС шеберлері Нұрбек Досатов, Ертас Ізбасаров, пайдалану және жөндеу жұмыстары жөніндегі шеберлер Бағдат Молдаханов, Жарас Мұрабеков, геологтар Гулнара Байходжаева, Болат Жексенғалиев, т.б. цех ұжымында еңбек көрігін қыздырып, Қаламқас кенорнындағы газ отынын жеткілікті өндіріп, ел игілігіне айналдырып келеді екен.

**Айтуар Өтегенов,**
**Қазақстан Журналистер одағының мүшесі**

# Жастар тынысы



21 қазан 2014 жылы Ақтау қаласындағы Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің мәжіліс залында "Патриоттық бастама" қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен "Маңғыстау облысындағы жастар жұмыссыздығының өзекті мәселелері" тақырыбында конференция болып өтті. Конференцияға мәслихат депутаттары, мемлекеттік орган басшылары мен өкілдері және ірі кәсіпорындардың мамандары, сондай-ақ, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Жас Мамандар Кеңесінің төрағасы Ходжаев Бауыржан мен Жастар Кеңесінің мүшесі Муслимкулова Ақмарал қатысты. Астана қаласынан арнайы шақырылған маман, "Жастар" ғылыми зерттеу орталығының бас сарапшысы Венера Мустафинаның қатысуымен өткен конференция жұмысын облыстық мәслихат депутаты Тілектес Болатбаева жүргізіп, қортындысында еңбек нарығындағы қалыптасқан жағдайды жақсартуға қатысты кешенді шаралары, жастардың жұмыспен қамтылуы, мүмкіндіктері шектеулі жастардың жұмысқа орналастырылуы сияқты резолюция қабылданды.

***

24 қазан 2014 жылы Астана қаласында «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ жанындағы жас мамандардың ұйымдастыруымен Дөңгелек үстел болып өтті. Оған "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ-нан Жас мамандар Кеңесінің төрағасы Бауыржан Ходжаев пен ЖМК хатшысы Лаура Сембаева қатысып келді. 2015 жылға арналған іс жоспарды талқылап, бекіту, басшылар мен жас мамандардың арасындағы қарым қатынас, 2014 жылы ҚР Тәуелсіздік күніне орай өткізілетін қысқы спартакиадаға (тимбилдинг) дайындық, әр компанияда 29-ға дейін жұмыс жасайтын жастардың санын анықтау барысында статистикалық ақпарат жинау мәселелері қарастырылған жиында қатысушылар тарапынан біршама ұсыныстар айтылып, талқыға салынды. Қортындысында «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ ЖМК 2014-2015 ж.ж арналған іс-жоспары төмендегідей негізде: қысқы спартакиада (тимбилдинг) 2014 жылдың желтоқсан айына, инновациялық көрме ЖМК арасында 2015 жылдың ақпан айына, қазақша КВН 2015 жылдың мамыр айына, ЖМК әлеуметтік проблема бойынша Конференциясы 2015 жылдың шілде айына, жастар құрылтайы 2015 жылдың қыркүйек айына, орталық оқыту 2015 жылдың қараша айына бекітілді. Әр компаниядан барған делегаттар осы бектілген жоспар аясында тапсырмаларын алып қайтты.

***

29 қазан 2014 жылы Маңғыстау облысы әкімдігінің кіші залында Облыс әкімі жанындағы жастар ісі жөніндегі Кеңес отырысы болып өтті. Біздің компаниямыздан Кеңес отырысына Адам ресурстарын басқару департаментінің орынбасары Ербол Еділов пен ЖМК төрағасы Бауыржан Ходжаев қатысты. Облыс әкімі, Кеңес төрағасы Алик Серікұлы Айдарбаев төрағалық еткен жиналыста Маңғыстау және Мұнайлы аудандарында жастар саясаты мен патриоттық тәрбиені жүзеге асыру жөніндегі атқарылған жұмыстардың есебі, ірі кәсіпорындар мен мекемелерде жастар ісі жөніндегі арнайы құрылымдарды құру бойынша атқарылған жұмыстар және облыстағы жастар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жүргізіліп жатқан іс-шаралар туралы мәселелер тыңдалды.



# Қажылыққа бару төрт жылдан бергі арманым еді ...

**Сол арманына қол жеткізудің сәті биыл түсіп, қазан айының басында қажылықтан оралған әріптесіміз, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Әкімшілік мәселелер және әлеуметтік даму департаменті, қоғамдық тамақтандыруды ұйымдастыру бөлімінің орталық азық-түлік қойма меңгерушісі Нұрлиева Закон апайымыздың бұл Мекке-Мәдинаға жасаған алғашқы сапары екен. Орайы келгенде аман-есен туған жердің төріне ат басын тіреген қажы апамызбен сұхбаттасудың жөні келді.**

«Бес парыздың бірі – Қажылық. Ендеше, адам баласының ең басты міндеті – Ұлы жаратушысын тану. Оның шексіз құдіретін, ұлылығын, шеберлігін, ілімінің алдында таңқала бас иіп, мақтау айту – құлшылықтың нағыз өзі деп түсіндім – деп сапардан алған әсерімен бөліскен Закон апа әңгімесін одан әрі өрбітті. – Қажылық – нағыз сабырлылықты қажет етеді екен. Себебі Қажылықты өтеу оңай әрі жеңіл түрде орындалатын нәрсе емес, сол үшін Аллаһ Тағала әрбір адамды қажылық кезінде міндетті түрде сынаққа алады екен. Сол сынақтан шыдап, сабырлылықпен қиындықтан өткен адамға Қажылықтың тиетін сауабы соншалықты – «Адам анасынан жаңа туылған сәбидей болып күнәдан тазарады» делінген. Қажылық парызын өтеуге келген әрбір мұсылман Аллаһтың қадірлі қонағы, олар түр-түсіне, байлық-мансаптарына, атақ-дәрежелеріне қарамай, жер бетіндегі барша мұсылман бірлікте Аллаһқа ұмтылуларына Жаратқанның өзі мүмкіндік жасап қойған.

Сол Қажылық, құлшылық міндетімді атқаруға биыл барудың сәті түсті. «Хидаят-Нұр» компаниясының атынан Ар-Рахман мешітінің бас имамы Айдостың ұйымдастыруымен Стамбул қаласына, кейін Сауыд Арабияның Джидда қаласы арқылы Мекке қаласына барып, Әл-Харам мешітінен 800 метр қашықтықта тұрған «Нұхпа-2» қонақ үйіне орналастық. Бес уақыт намазымды күнде қасиетті Әл-Харам мешітінде оқуға Аллаһ толық мүмкіншілік жасады. Қағбаны тәуәп еткен кезде Рукнул Ямен бұрышына қасиетті «қара тасқа» сәлем салып, қолым жеткенде, нұрлы Мәдинадағы Пайғамбарымыз-Мұхаммед (с.ғ.с) мешітіне барғанда, жұма күні Арафат тауында тұрып, Аллаһтан кешірім, мейірім, рахым және де өзіме, балаларыма, туысқандарыма, ағайындарыма, әріптестерім мен достарыма, көршілеріме аманшылық, денсаулық, ырзық-несібе, саналы ұрпақ, екі дүниенің абыройын беруін сұрадым. Қазақстанымыздың байлығы өз ұрпақтарымызға бұйырса деп тіледім. Аллаһқа сансыз мадақтар, оның елшісі Мұхаммедке (с.ғ.с) салауат айттым.»

- Қажылық сапарымда өз парызымды өтеумен қатар, ата-анама, жолдасыма умра (кіші қажылық) жасадым. Жалпы Қажылықтың әсері керемет, оны бір сөзбен айтып жеткізу қиын. Қағба алдында намаз оқу – Аллаға берген антпен тең. Қабыл болған Қажылықтың сауабы жәннат дейді. Менің қажылыққа барып, өз дініме деген көзқарасымның тереңдей түсуіне, ой-өрісімнің бұрынғыдан да кеңеюіне себепші



болған, яғни қаражатын төлеп, Қажылыққа шығарып салып, мені күтіп алған ұлым – Азаматқа және демалыс беріп, жағдай жасаған мекеме басшыларына ұрпақ өсірген ана ретінде, Меккеге барған қажы ретінде алғысымды білдіремін. Дастарханадарыңызға құт-береке, шаңырақтарыңызға шаттық, бақыт тілеймін, алдағы уақыттарда осы игі дәстүр жалғасын тауып, жастарымыз имандылық жолын ұстап, Адам деген асыл атаққа лайықты бола бергей! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болғай! - деп тілегін жаудырған апамыздың осы қасиетті жолы кейінгілерге үлгі болса дейміз.

Закон қажы Нұрлиева – Қағбаға кіру құрметіне ие болған қазақстандықтардың бірі. Ол – 1955 жылы Маңғыстау облысында дүниеге келген. 1991 жылы Алматы кеңестік сауда техникумын «тауартанушы» мамандығы бойынша бітіріп, 1975 жылдан «Мангышлакнефть», «Жетыбайнефть» МГӨБ-да есепші, дүкен, қойма меңгерушісі ал, 1996 жылдан «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ тауартанушы, қазіргі кезде қойма меңгерушісі болып жемісті қызмет атқарып, жастарға үлгі-өнеге көрсетіп келеді. Қазіргі таңда балаларының аяулы анасы, немерелерінің сүйікті әжесі, жолдасы, марқұм Аязбай ағайдың аяулы жары болған Закон қажы Нұрлиева апамыз ел құрметіне шексіз бөленген жан. 1986 жылы ол Маңғыстау мұнайының 25 жылдығында «За трудовое отличие» медалімен марапатталған.

2006 жылдан бері намазға жығылып, Қажылыққа баруды төрт жылдан бері армандап келген Закон апаның керемет құрметке бөленуі оның досқа адал, елге қамқорлығы мол, қолы ашық атымтай жомарт екендігінде. Жастарға орын беріп, жаңа жылдан кейін құрметті демалысқа шығуды көздеген Закон апамызға бар жақсылық тілейміз! Өзіңізді еліміздің мұнай өнеркәсібін өркендетуге лайықты үлес қосқан білікті маман ретінде танимыз, құрметтейміз. Сіздің еңбек жолыңыз – ұрпаққа үлгі боларлық өнегелі ғұмыр. Сізге мықты денсаулық, қажымас қайрат, отбасыңызға амандық тілейміз!

*Елі үшін еңбекпен талпынған,*
*Айнымай адамдық қалпынан.*
*Анасы елінің аяулы*
*Алғысын еститін халқынан.*

*Тербетіп иманның бесігін,*
*Қағбаның ашып құт есігін.*
*Біртуар анасы тарихта*
*Алтынмен жазатын есімін.*

*Жаны ақ, атымтай көңілі,*
*Халқына арналған өмірі.*
*Өңірдің құрметті қажысы*
*Мақтаныш тұтатын ұжымы.*

# Құттықтаймыз!

## 60 жас

Иманмурзаев Темирхан Назарович, 10 қараша, САжМТЖД, 6 дәрежелі кран машинисі
Ильясов Куаныш Абдугалиевич, 18 қараша, ӘМжӘДД, дәрігер-терапевт
Басбаев Хайром Адилбаевич, 29 қараша, ҚҚ, диспетчер

## 55 жас

Казиева Бибитпа Жангаковна, 14 қараша, ҚҚД, 3 дәрежелі әктеуші
Медетбаева Напега, 22 қараша, МГӨЦ-1, мұнай және газ өндіру операторы
Джаликова Калбиби Ибровна, 23 қараша, МДжАЦ, сусыздандыру және тұзсыздандыру қондырғының операторы
Сейлханова Надя Самагалиевна, 29 қараша, ТҮПЦ, күтуші

## 50 жас

Ізбергенова Қарагөз Қарсақбайқызы, 01 қараша, ТҮПЦ, күтуші
Қосымбаева Айнаш Советқызы, 01 қараша, ӘШБ, өндірістік және қызметтік жайларды жинастырушы
Сагындиков Даулеткелди Измуханович, 01 қараша, ҚД, 6 дережелі көлік жүргізушісі
Бижанов Ізгілік Әлімұлы, 11 қараша, МГӨЦ-1, мұнай және газ өндіру операторы
Членов Реджепбай Чавдарбаевич, 11 қараша, ҚҚҰЦ, қабаттарға жұмысшы агенттер айдау жөніндегі сорaптар стансасының машинисі
Айтбаева Айсұлу Торешовна, 12 қараша, ТҮПЦ, күтуші
Байниязова Фаруза Исагалиевна, 13 қараша, ӘМжӘДД, терапевтік бөлімшесінің меңгерушісі
Ебджанова Шара Айдыновна, 20 қараша, ЛЖЖТУ, өндірістік және қызметтік жайларды жинастырушы
Дуйсенов Бекберген Шаржанович, 25 қараша, 4 дережелі көлік жүргізушісі
Ускенбаев Шамшидин Кенесович, 25 қараша, ЖСҚКУ, учаске бастығы
Жанбиров Онайбай Тлегенович, 26 қараша, ТСДЦ, цех шебері
Суйесинова Дина Каленовна, 27 қараша, ТҮПЦ, күтуші
Кузыров Шайдолла Катымгалиевич, 29 қараша, ЖСҚКУ, шебер

## Бегендікұлы Сүгір жырауға 120 жыл!

*Кеше Ақпанды жырласақ,*
*Бүгін Сүгірді жырлайық.*
*Бабаларын жырлаған,*
*Қазақ үшін бір бақыт.*

*Сөз асылы көнеден,*
*Дуалы ауыз би болған.*
*Бес жүйрік ізін демеген,*
*Сүгір жырау бірі болған.*

*Жырлайын әрмен аталап,*
*Сүгір бабам жерінде.*
*Дүбірлетіп думан жасаған,*
*Маңғыстаудың төрінде.*

*Ел елді жырлаған шағында,*
*Жыршымыз келді деп ауылға.*
*Сүкеңді талай жырлатқан,*
*Ауыл болып жанында.*

*Төгілтіп жырын шабыттан,*
*Аусарын жырдың ағытқан.*
*Дүбірлетіп өз дәуірін*
*Талайда жерді шаңытқан.*

*Сүгірдей сүбелі жыршылар,*
*Мақтанышы ұлы алаштың.*
*Шықпаған жыры бар шығар,*
*Естімей жүрген қазақтың.*

*Ұрпағың айтар ән қылып,*
*Сусындап аңсай жырақтан.*
*Қазынаң сенің мәңгілік,*
*Қазағыңа кәусар бұлақтай.*

*Дәуірінде болған жыралып,*
*Кеңінен тараған халыққа.*
*Бұл күнде жыры топ жарып,*
*Әлемге қазақты танытқан.*

*Бегендікұлы Сүгірдің,*
*Аталды 120 жылдығы.*
*Жырлаған жырлары бүгінгі,*
*Артында қалған құндылы.*

*Киелі Маңғыстау мекенде,*
*Өрісі жайылған өркендеп.*
*Шопан-Атада бабамыз,*
*Мәңгілік жатыр бұл күнде.*

***Қожағали Қанатов.***
***2014 ж***

## Құрметті әріптестер!!!

**Өндірістің қауіпсіздік қағидаларын сақтаған кезде ғана қауіпсіз еңбек жағдайын тудырады.**

- Ешкім зардап шекпеуі керек!
- Жұмысқа кірісер алдында ойлан!
- Жұмысты қауіпсіз орында, не оны мүлдем орындама!
- Жұмысты қауіпсіз орындауға әрдайым уақыт табылады!
- Күмәнің болса, анықта! (Сұра)

## Уважаемые коллеги!!!

**Создание безопасных условий труда возможно лишь при соблюдении принципов безопасности производства.**

- Никто не должен пострадать!
- Подумай, прежде чем выполнять работу!
- Выполняй работу безопасно, либо не делай ее совсем!
- Всегда есть время выполнить работу безопасно!
- Если сомневаешься, выясни! (Спроси)



16 қазан 2014 жылы 55 жасында Көлік департаменті Жетібай участкесі автокөлік тізбегінің 4 дәрежелі автокөлік жүргізушісі

**Тасмұратов Матай Нұржауұлы**

мезгілсіз қайтыс болды. Матай Нұржауұлы 1959 жылдың 5 қаңтарында Маңғыстау облысында дүниеге келген. Еңбек жолын 1975 жылдан көлік жүргізушісі болып бастайды. Түрлі кәсіпорындарда еңбек етіп келген Матай Нұржауұлы 1994 жылдың 15 маусымынан бері «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-да жұмыс жасап келді. Қызметіне жауапты, байсалды азамат екі ұл бір қыз тәрбиелеген ардақты әке.



26 қазан 2014 жылы 53 жасында «Жетібаймұнайгаз» ӨБ №2 мұнай және газ өндіру цехының төртінші дәрежелі операторы

**Жолдыбаева Қалам Обышбайқызы**

мезгілсіз дүниеден озды. Қалам Обышбайқызы 1961 жылдың 1 қаңтарында Маңғыстау облысы, Жетібай кентінде дүниеге келген. Орта мектепті бітірісімен 1978 жылы еңбек жолын «Мангышлакнефть» өндірістік бірлестігі, «Жетібайнефть» мұнай-газ өндіру басқармасында оператор болып бастаған. 1987 жылы Қазақстан Компартиясы Маңғыстау облыстық партия Комитетінің жолдамасымен Алматы Жоғарғы партия мектебіне жіберіледі. 1991 жылы Жоғарғы партия мектебінің негізінде ашылған Алматы қалалық саясаттану және басқару институтын «саясаттанушы» мамандығы бойынша бітіріп, Маңғыстау облысы, Ералиев аудандық Коммунистік партия комитетінің хатшысы қарамағына жіберіледі. 1992 жылы партия тараған соң, Қалам Обышбайқызы өз тілегі бойынша «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасына, бұрынғы өзі жасаған цехқа оператор болып кіргеннен өмірінің соңғы күніне дейін үздіксіз еңбек етті.

**«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ұжымы қамшының сабындай қысқа ғұмырда еңбек адамының есімін арқалай білген әріптестерінің қазасына орай туған-туыстары мен жақындарының қайғысына ортақтасып көңіл айтады.**




Мұнайлы Өлке
Меншік иесі: “Маңғыстаумұнайгаз” АҚ
Редактор: Есназар Сұлтанов
Редакция алқасы: Л.Жолдыбаева, Р.Ізберген
Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз: 130000, Ақтау қаласы 6 ш.а., № 1 үй, тел: 211-736, 212-194, 211-938.
Газет айына 1 рет шығады. Тегін таратылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген

- Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
- Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
- Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.
Индексі: 64265
Таралымы: 1500

“CASPIY PRINT” ЖШС баспаханасында басылды. Ақтау қаласы, 22 ш/а. тел: 750750 Тапсырыс: 1504